

NAQTU

(Zaman jarshysy)

№ 24 (8506)
24 maýsym (juma) / июня (пятница)
2022 jyl / год

1933 jyldyń qyrkúiek aıynan shyǵady / Газета выходит с сентября 1933 года

Қарасайлықтар аудан әкімін құрметті еңбек демалысына шығарып салды

Алматы облысының әкімі болып жақында ғана тағайындалған Мара́т Сұлтанғазиев облысқа қарасты өңірлерді аралауын бастап кетті. Өткен аптаның сенбісінде Қарасай жеріне арнайы келді.

Облыс басшысы Мара́т Елеусізұлының халықпен кездесуі аудандық Мәдениет үйінде өтті. Жиынға келген тұрғындардың көп болғаны соншалық, үлкен залға сыймағандар ғимараттың фойесінде LED-экран арқылы облыс әкімінің баяндамасын тыңдады. Одан кейін облыс әкімі қарасайлықтардың 30-дан астам сұрақтарына жауап беріп, ұсыныстарын ескерді.

Өңір басшысы Мара́т Сұлтанғазиев осы уақытқа дейін облыс көлемінде атқарылған шаруаларға шолу жасады. Бұл жұмыстардың ішінде Қарасай ауданының рөлі зор екенін айтты, ауданда жүзеге асқан жұмыстарға оң бағасын берді. Десе де шешілмей жатқан мәселелер бар екенін тілге тиек етіп, оны халықтың өз аузынан естуді жөн саналы.

Қарасайлықтардың тарапынан қойылған алғашқы сұрақтың бірі «Өнер» мектебіне қатысты болды. Бұл жайлы Қаскелең қаласының тұрғыны Әмина Абдраманова сауал жолдап, оның қашан салынатынын сұрады. Облыс басшысы көтерілген мәселе өте орынды, оны қарастыру керек деп жатқанда, аудан әкімі Жандарбек Далабаев осы сауалға бірден жауабын берді. Айтуынша,

бұрынғы ДОСААФ ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, «Өнер» мектебіне айналады. Бұл мекеме 2019 жылы мемлекеттің меншігіне беріліп, оның жөндеуіне биыл жыл басында 17 млн. теңге қаржы бөлінген. Қазіргі уақытта жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Қошмамбет ауылының тұрғыны Сайлаубек есімді азамат өз ауылында мектептің жоқтығын алға тартып, 600-ге жуық оқушы көрші елдімекенге барып оқитынына наразылығын білдірді. Одан бөлек ауыл ішіндегі ескі көшелерге жөндеу керектігін айта келе, жарықпен, газбен, сумен қамтамасыз ететін жекеменшік мекемелерге көңілі толмай, оларды мемлекеттің балансына өткізуді сұрады. Ауыл тұрғынының өтініші мен ұсынысын өңір басшысы назарға алып, аталған мәселелер қаржыға байланысты екенін түсіндірді. Алайда оның барлығы бақылаусыз қалмайтынын, онды шешу жағын қарастыратынын жеткізді.

Жиын барысында көптің қолдауына ие болып, талқыланған сұрақтың ішінде Жанатұрмыс ауылындағы қоқыс жинау, ауыз сумен қамтамасыз ету сияқты мәселелер назарға ілінді. Белсенді Нелли Пак бастаған ауыл тұрғындарының айтуынша, осы екеуіне жауапты «Тазалық» ЖШС-нің және «Таусамалы» КМК-нің жұмыстары мардымсыз, олар коммуналдық қызмет саласынан мүлдем кетулері керек. Жанатұрмыстың белсенділері осыны облыс басшысынан талап етті. Мара́т Елеусізұлы бұл жағдайды бақылауға алатынын түсіндіріп, осы сұрақпен облыстық энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы айналысатынын жеткізді. Сондай-ақ аталған мәселе



ні бір аптаның ішінде шешетінін айтты. Білім мен денсаулық салаларына қатысты жұмыстардың жүйесіздігі де облыс басшысының назарына ілінді. Ол жайында Көксай ауылының тұрғыны, белсенді Әсет Аманбаев есімді азамат жіпке тізіп айтты. Оның сөзіне сүйенсек, биыл Балалар жылы деп жарияланғанымен жас ұрпақтың қамы

үшін дұрыс жұмыс атқарылмай жатыр. Тіпті, оқушылардың мектепте тамақтануының өзі күрделі мәселеге айналған. Асхана білім мекемесінің меншігінде емес, басқа біреудің ас үйіне айналған. Алайда балалар тамақтан уланса, директорлар кінәлі болып шығатын көрінеді. Тұрғынның үзгі бойынша мектеп ішіндегі асханалар

сол мекемеге тиесілі болуы керек. Бұл мәселені көпшілік қолдай кетті. Талай өзекті мәселені қозғаған көксайлық азамат сондай-ақ аудан ішінде мектеп немесе оқушылардың болашағы үшін басқа да ойын алаңдарын салу үшін жердің жетіспейтінін жокқа шығарды. Айтуынша, әлеуметтік маңызы бар мекемелер салу үшін сатылатын жер телімі жетіп артылады, тек әкімдік қаржы жағын қарастырса жеткілікті.

— Бізде жер жоқ емес, бар. Егер сатып алсақ, табылады. Келешек ұрпақ кім болғанымыз? Одан кейін ауруханалардың көбісі жекеменшікке айналған. Барлық қызметі ақылы. Оның барлығы мемлекетке қайтарылуы керек, — деп ашыңды көксайлық азамат.

Облыс басшысы Мара́т Елеусізұлы айтылған сын-ескертпенің барлығын мұқият тыңдады. Мектептердегі тамақтану мәселесін қарастырып, оның жүйесін зерделейтінін жеткізді. Басқа да сауалдарды назардан тыс қалдырмайтынын түсіндірді.

Жиында Алмалыбақ ауылындағы жалғыз саябақтың жағдайы да айтылды. Ауылдастардың атынан сөйлеген Зәуре Мұхамедованың сөзіне сүйенсек, бұл демалыс орнына Мәдениет үйі салынбақшы. Алайда халық саябақты сақтағысы келеді. Өйткені оның өз тарихы, құндылығы бар. Ал Мәдениет үйі үшін басқа жер қарастырылу қажет. Облыс әкімі Мара́т Сұлтанғазиев алмалыбақтықтардың жан-айқайын түсініп, саябақты сақтайтынын жеткізіп, жиналғаны осы ауылдың тұрғындарын қуанытпастады. Сондай-ақ ол өз сөзінде Мәдениет үйін басқа жерде салатынын бірден айтты.

Алматы облысының басшысы аудандағы жеке сот орындаушыларына қатысты шағымды да тыңдады. Өзін Алим Акишев деп таныстырған қаскелеңдік азамат осы салада қызмет ететіндерге көңілі толмайтынын жеткізіп, облыс басшысынан жеке сот орындаушыларын бақылауға алуын өтініп сұрады. Ал Мара́т Елеусізұлы, «бұл жағдайды анықтаймыз» деп нақты жауабын берді.

Облыс әкімімен өткен кездесу барысында аудан әкімі Жандарбек Далабаевтың жұмысын дағтағандар да, жақтағандар да болды. Көбісі атқарған ісіне оң бағасын беріп, алдағы өміріне жақсылық тілеп жатты.

Аудан әкімінің қызметіне қатысты сынды айтқандардың бірі Қаскелең қаласының тұрғыны, заңгер Сәуле Бикитева болды. Оның айтуынша, аудан ішінде кейбір жұмыстар өз уақытысында атқарылмауда. Қаскелеңдік белсенді өз тарапынан осыны ескере отырып, ауданды төрт жыл басқарған Жандарбек Ермеқұлының зейнет жасына жетуіне байланысты орнын босатар деген болжамды ойын білдірді. Ал облыс басшысы Мара́т Сұлтанғазиев айтылған ақпараттың растығын нақтылап, бүгінгі күнге дейін ауданға жетекшілік еткен Жандарбек Далабаевтың әкімдік лауазымдағы қызметі дәл осы күні аяқталатынын айтты. Осылайша облыс басшысы Жандарбек Ермеқұлын сахна төріне шақырып, өзінің атынан Құрмет грамотасын табыстап, атқарған еңбегіне зор алғыс білдірді. Карасай жұртшылығы да айтылған мақтауларға қосылып, қошемет арқылы ризашылықтарын жеткізіп жатты.

Дидар МӘЛІКҰЛЫ.

Мемлекеттік қызметші – мемлекеттің айнасы

Ел сенімін ақтап, ұлттық абыройды арттыру жолында еңбек етіп жүрген мемлекеттік қызметшілердің орны қашанда маңызды. Міндеттерін мінсіз атқаруға күш салып жүрген осы саланың өкілдері кеше кәсіби мерекелерін атап өтті. Айтулы күннің қарсаңында қарасайлық мемлекеттік қызметшілер аудандық Мәдениет үйінде өткен салтанатты шарада бас қосып, құрметке бөленді.



Шара барысында алдымен Карасай жерінің өркендеуі үшін өмірінің жартысын мемлекеттік қызметке арнаған, ел дамуына үлес қосқан осы

МЕРЕКЕ

саланың ардагерлері ардақталды. Оларға жас буын өкілдері құрмет көрсетіп, арнайы гүл шоқтарын тарту етті.

Салтанатты жиында аудан әкімінің орынбасары Айжан Нұрділдәқызы мерекелерін арнайы құттықтап, жылы лебізін білдірді. Олардың ел алдында атқарар қызметі жауапты әрі маңызды екенін айтып, бірқатарына лайықты марапаттарын табыс етті. Сонымен қатар Айжан Нұрділдәқызы Алматы облысының мемлекеттік қызметшілері арасындағы облыстық пікірсайыс турниріне қатысып, I орын иеленген «Nomads» тобын да құттықтады. Сахна төріне жеңімпаздардың атынан шыққан команданың белді мүшесі, жас маман Жарылқасын Сақтағанға ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облыс-сы бойынша Департаментінің Дипломы мен қаржы сертификаты берілді.

Қарасайлық мемлекеттік қызметшілердің марапаттау рәсімінен соң бұл салаға етене араласып жүрген, мәртебелі міндетті атқаруға бел буған жас мамандар кәсіби мереке күнінің аясында ант беріп, өздерін жүктелген міндетті адал атқаруға, елге қызмет етуге сөз берді.

Мемлекеттік қызметшілер күніне орай ұйымдастырылған шараның соңында концерттік бағдарлама ұсынылып, мереке иелері үшін әуезді әндер шырықалды.

Дидар МӘЛІКҰЛЫ.

Тәртіп сақшылары марапатталды

Елімізбен бейбіт тұрғындардың тыныштығын күзетіп келе жатқан құзырлы салаға биыл 30 жыл толып отыр. Атаулы мерекеге орай, аптаның бейсенбісі күні аудандық Мәдениет үйінде салтанатты шара өтіп, бірқатар полиция қызметкерлері марапатталды.

Тәртіп сақшыларына арналған шара Мемлекеттік Гимннің орындалуымен ашылды. Одан әрі жиынға арнайы келген аудан әкімінің орынбасары Айжан Нұрділдәқызы сөз алып, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүретін тәртіп сақшыларының еңбегі қашанда ерен екенін жеткізіп, мерекелерімен құттықтап, жұмыстарына сәттілік тіледі. Мұнан кейін ол мерекеге орай марапаттау рәсіміне көшіп, бірқатар полиция қызметкерлерін қоғамдық тәртіпті қорғау жұмыстарындағы жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Аслан Күбентаевтың Алғыс хаттарын, сондай-ақ, аудан басшысының Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарын табыстады. Мұнан бөлек Айжан Нұрділдәқызы



полиция басқармасына аудан әкімінің атынан арнайы сыйлық тарту етті.

Осындай марапаттаулардан кейін сахна төріне аудандық полиция басқармасының басшысы, Талғат Беркінбаев шығып, өзінің қарамағындағы қызметкерлерді мерекелерімен құттықтап, қызметтеріне табыс тіледі. Одан кейін басқарма басшысы өз атынан осы салада талай жылдар еңбек еткен полиция ардагерлері мен бүгінде тәртіп сақшыларының қатарында адал әрі белсенді еңбек етіп жүрген жас жауынгерлердің ата-аналарын Алғыс хаттармен марапаттап, гүл шоқтарын сыйлады.

Сондай-ақ, бірқатар полиция қызметкерлеріне жана шендер табыстады.

Мерекелік іс-шара соңы жиналғандарға тамаша көңіл-күй сыйлаған ауданымыздың өнерпаздары ұйымдастырған концерттік бағдарламаға ұласты.

Ақтоты МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ.

СПАРТАКИАДА

Қарым мен қабілеттерін спорттық жарыста байқатты

2013 жылы Тұңғыш Президентінің қаулысымен 23 маусым — Мемлекеттік қызметші күні болып бекітілді. Сол уақыттан бері атаулы күнді елімізде жылда мемлекеттік қызмет саласында еңбек етіп жүрген азаматтар, кәсіби мерекелерін тойлайды. Биыл да кәсіби мереке қарсаңында аудан әкімдігінің бастамасымен үлкен спорттық іс-шара өтті.

Аудан әкімдігінің назарынан тыс қалмайтын саламатты өмір салтын қалыптастыру, кенінен насихаттау мәселелері бүгінде мемлекеттік қызметкерлер арасында да жүйелі жүргізілуде. Биылғы жылы да мерекеге орай «Мемлекеттік қызмет — абыройлы міндет» ұранымен Шамалған ауылдық округіндегі «Ushqonur» спорт мектебінде өткізілген спорттық сайыс осының бір дәлелі. Ауданға қарасты қала мен округтерде орналасқан әкімдіктерден және де өрт сөндіру бөлімінен құралған 14 командадағы сайысқа келген әрбір қатысушының дайындықтары ойдағыдай екендігі жарыс бастала салысымен белгілі болды. Айтулы сайыстың ашылу салтанатына арнайы қатысқан аудан әкімі аппаратының басшысы Лияс Қалиев қатысушыларға сәттілік тілеп, төрт мерекелерімен құттықтады.

— Бүгінде халықтың көңілінен шығуға күш жұмсап, ел еңсесін тіктеуге үлес қосып жүрген барлық саладағы мемлекеттік қызметкерлерге үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Халықпен кері байланыс орнату, оларды сапалы ақпаратпен қамтамасыз ету, оларға бағыт-бағдар көрсету мемлекеттік қызметшінің негізгі міндеттерінің бірі болып қала бермек. Баршаларыңызды келе жатқан мемлекеттік қызметшілер күнімен шын жүректен құттықтаймын, — деді аудан әкімі аппаратының басшысы. Мұнан кейін ол таяуда облыста көкпардан өткен сайыста аудан намысын қорғап, жүлделі үшінші орынға ие болған қарасайлық көкпаршыларға ризашылығын білдіріп, Алғыс хаттар табыстады.

Салтанатты рәсімнен кейін спорттық турнирдің жеребесі тартылып, командалар өзара кіл мықтыны анықтауға кірісті. Айта кетейік, аудан әкімінің кубогіне арналған спартакиада



спорттың алты түрі бойынша өткізілген. Олар — волейбол, тоғыз құмалақ, үстел теннисі, жүзу, шағын футбол, қазақ күресі.

Тартысты өткен сайыс соңында кіші футболдан өздерінің ептіліктерін танытып, қарсыластарынан оқ бойы озық шыққан Қаскелең қаласы 9-шы өрт сөндіру бөлімі қызметкерлерінен құралған команда III орынға

табан тіресе, Райымбек аудлық округінің құрамасы II орынды иеленді. Ал, жүлделі I орынды Шамалған ауыл округінің теңбіл доп шеберлері қанжығаларына байлады. «Үздік ойыншы» атағы Ислам Ибатжан, «Үздік қақпашы» Дидар Анаркулов, ал «Үздік қорғаушы» номинациясы Абылай Зуайдаға берілді. Сондай-ақ, волейболдан өткен командалық доданың нәтижесі бойынша I орынға Іргелі округінің командасы ие болды. Ал, II орынды Жібек жолы округінің құрамасы қанжығаларына байласа, III орынға лайықты деп аудандық әкімдігінің құрамасы танылды.

Сонымен қатар, спартакиаданың соңғы күні үстел теннисі, қазақ күресі, жүзу, тоғыз құмалақ сынды ойындардың да мықтылары анықталып, жеңімпаз командалар мен жекелеген ойыншылар арнайы дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Ақтоты МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ.

БАСПАСӨЗ – 2022

Өз ауданыңыздың газетіне жазылуға асығыңыз!

Құрметті оқырмандар! Карасай аудандық «Naqty» газетіне 2022 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жалғасуда. Газетке жазылу редакцияның өзінде жүргізіледі.

Қаскелең қаласы және ауылдық жерлер бойынша жарты жылға жазылым бағасы — 2000 теңге. Бізбен бірге болыңыз!

ПОДПИСКА – 2022

Спешите подписаться на свою районку!

Дорогие читатели! Продолжается подписка на Карасайскую районную газету «Naqty» на второе полугодие 2022 года.

Подписка ведется на базе редакции газеты. По городу Каскелең и в сельской местности подписная цена составляет 2000 тенге на полгода. Оставайтесь с нами!

Қадамдарың құтты болсын, қырандарым!

Тәуелсіз мемлекетіміздің, міне, 2022 жылғы түлектері де қолдарына аттестат алып, болашаққа қанат қағып барады. Әр ата-ана мен ұстаздың, қоғамның оларға артар үмігі зор.



Ұрпақтарымыз қазақи тәрбиемен сусындаған, ұлтжанды, білімді жаксы тұлға болып қалыптасса, ел ертеңінің жарқын болашағының кепілі деп білеміз.

О.Исаев ауылындағы орта мектебі биыл ашылғалы бесінші жыл жас түлектерді тәрбиелеп,

білім беріп, болашақтарына бағыт берді. Осы жылдар аралығында мектебіміздің басшысы Балжан Салдыққызының және ұжым мүшелерінің татулығымен талай жұмыстар жүргізіліп,



оқушыларымыз түрлі жарыстарда өздерінің алғырлықтарын көрсете білді. Осындай бірлігі жарасқан мұғалімдерден білім, тәрбие алған шәкірттеріміз тәуелсіз мемлекеттің жаксы азаматы болатынына сенімдіміз зор.

Биыл мектебіміздің 25 түлек болашаққа қанат

қақты. Олардың бесеуі — ерекше үлгідегі аттестатқа ие болғандар.

Оқушылардың мектеп бітіру кеші өте жоғарғы деңгейде өтті. Жиынды мектеп директоры Балжан Салдыққызы ашып, түлектерге жаксы тілегін білдірді. 11 сынып бітірушілер мен сынып жетекшілері Ұлбосын Ақтаева, Айдана Оразаева сахна төріне көтеріліп, мектеп мұғалімдеріне өлең шумақтарын арнап, алғыстарын білдірді. Осы сәтте түлектер мен ұстаздар арасындағы жылы кимастық сезімге көпшілік болып куә болдық. Жиынға келген зейнеткер ұстаздар мен әкімшілік өкілі Дария Шанлабаева жас түлектерге жылы лебіздерін білдіріп, ақыл-кенестерін айтты. Мектебіміздің ата-аналар алқасының төрайымы Алмағұл Шитенова мектеп ұстаздарына ата-аналар атынан тілек айттып, алғысын жеткізді. Жас түлектерге аттестаттарын мектеп директоры мен оның оқу ісі жөніндегі орынбасары Жаныл Ермуқатова табыстады. Сонымен қатар салтанатты жиынның жүйелі, жоғарғы деңгейде өтуін ұйымдастыра білген ұстаздар мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сайранғұл Қуандыққызына көпшілік ризашылығын білдірді.

Ұрпағымыздың болашағы жарқын, ел іргесі аман, тәуелсіздігіміз тұғырлы болуына тілектеспіз. Түлектеріміз елімізге жанаушыр жан, қалаған мамандық иесі болуларына тілекшіміз.

Анар КАСЕНОВА,
Адиля ТАНАТАРОВА,
О. Исаев ауылындағы орта мектептің ұстаздары.

Дарынды оқушылар республикалық байқауда бақ сынады

Баланың жан-дүниесі өте нәзік, жүрегі ізгілікке толы. Әр бала — жеке тұлға. Олар бір-біріне ұқсамайды, жаналықты асыға күтетін дарынды болып келеді. Сол талантты бала жүрегіңдегі ізгілікті шынайылықпен тани білу керек. «Ұстазы жаксының ұстамы жаксы» деп дана халқымыз бекер айтпамаған.

Өз басым білім беру мен тәрбиені бір сәтте бөлген емеспін. Себебі, «адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деп әлемнің II ұстазы әл-Фараби айтқандай, алған білім терең болса, адамды қасиеттермен қаруланса, біліктілік пен жоғарғы мәдениет өзінен-өзі қалыптаспайды деп ойдағымыз.

Мұғалімнің педагогтік әдебі, шеберлігі әр баланыңдара қасиетін ескере отырып танқалдыруға жұмсалуды қажет. Әрбір бала — халқының тұлғасы, сондықтан халықты жасайтын да мұғалім. Адамгершілігі мол мұғалімнің келбеті оның кісілігі мен маман ретіндегі білігінің үйлесімінен тұрады. Олай болса жана заман мұғалімінің осы деңгейден шыға алатынына сенемін.

КР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылды «Балалар жылы» деп атауына орай оқушылардың оқу білімге қызығушылығын арттыру мақсатында өткізілген сайысқа оқушыларымыз



катыстыруға бел будым. «Bilim-orkeniet» ұлттық-инновациялық ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен «Бастауыш — білім бұлағы» атты республикалық байқауына өз шәкірттерімі

катыстыруды жөн санадым. Бұл байқаудың мақсаты мен міндеттері — республиканың дарынды оқушыларының арасында байланыс орнату және оқушылардың ғылыми әлеуетін күшейту, инновациялық идеяларын кеңейте отырып үздіктерін анықтау.

Байқау барысында Карақат Нарполат «Менің сүйікті ұстазым!», Сезім Шамелен «Менің отбасым!» атты тақырыптарына эссе жазып, жүделі орындарға ие болды.

Тағы бір айта кетерлігі, бұл байқауда «Бастауыш — білім бұлағы» атты кітап жинаққа оқушының жұмысы енгізілді, I дәрежелі республикалық диплом иеленді. «Үздік бастауыш сынып оқушысы» атты төсбелгі беріліп, оның куәлігімен марапатталды. Оқушының жетекші-ұстазына, ата-анасына Алғыс хат берілді. Осындай байқау ұйымдастырған «Bilim-orkeniet» ұлттық-инновациялық ғылыми зерттеу орталығына алғыс білдірмеді. Арнайы Нұрсұлтан қаласына барып, осы марапатты алып, қайттық.

«Артық білім кітапта, ерінбе оқып көрүте», — деп ұлы ақын Абай жырлағандай, ерінбей білім алуға асығайық

Нурия ТАЙЛАКБАЕВА,
Көкөзек ауылындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі.

Еңбектерін қанауға жол жоқ!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ескеден ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағын жалпыұлттық міндет деп танып, 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Осы орайда баланың құқықтарын қорғауға арналған көптеген іс-шаралар жүзеге асырылып келеді.

Ағымдағы жылдың 1-12 маусым аралығында еліміз бойынша «Бала өкілдерінің пайдалануға қарсы күрестің 12 күні» атты Ұлттық ақпараттық науқаны өтті. Соның аясында Көлашы ауылындағы Ж.Бәрібаев атындағы орта мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен денгелек өткізілген болатын.

«Бала еңбегін қанауды бірге тоқтатайық!» атты жиында балалар қауіпсіздігінің алын алу, бала

тәрбиесіне қоғамның назарын аудару мәселелері айтылды. Әрине, бала құқығын қорғау кез келген қоғам үшін ең маңызды мәселе екені белгілі. Аталған жиында бала құқықтары жөніндегі арнайы мамандар, құзырлы орган қызметкерлерімен қатар мектеп психологы Б.Жаркеева, әлеуметтік педагог Ф.Бейсебаева өз ойларын ортаға салды. Жеткіншектерді қорғауға арналған республикалық акциясын өткізу елімізде дәстүрге айналды. Себебі жазғы демалыста жұмыс істеуге ниетті жасөспірімдер саны артқан. Сондықтан балалар құқығы мен қауіпсіздік шаралары қатаң сақталуы тиіс.

З. САФАТҚЫЗЫ,
Ж.Бәрібаев атындағы орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Летняя школа в поддержку учащихся



При нашей средней школе села Кокөзек в период с 26 мая по 17 июня текущего года действовала летняя школа. Занятия проходили во все будние дни, кроме субботы и воскресений, по таким основным учебным предметам, как «Математика», «Казахский язык», «Английский язык», «Русский язык», «Литература», «Естествознание», «Познание мира».

Важно то, что они не зависели от наполняемости класса. Сколько ребят приходили, чтобы закрепить старые и получить новые знания, столько и уделяли внимание, разъясняли учебный материал. Немаловажно и то, что учеба



проходила по гибкому графику, в довольно необычном формате. Это были разноплановые уроки в музеях, на свежем воздухе, всевозможные экскурсии.

Мы знаем, что в основном дети проводят свободное время за играми в смартфонах. И потому важна правильная позиция родителей, которые при любой возможности должны разъяснять своим чадам, что лучше потратить время с пользой — читать книги, решать задачи, расширяя свой кругозор и получая новые знания, чем сидеть в сотовом телефоне.

Учеба в летней школе отличалась тем, что учителя не

ставили оценки и не давали домашних заданий. Администрация же школы совместно с педагогами постаралась создать все условия, чтобы учеба в летнее время была максимально интересной и познавательной. О том, что это удалось, свидетельствуют положительные отзывы родителей.

Наиболее распространенной причиной, по которой ученики посещали занятия в летней школе, было желание улучшить свои оценки по одному или нескольким предметам. Кроме того, каждый ребенок смог найти себе занятие по душе, проявить свои творческие способности.

Хочу пожелать всем учащимся летней школы оставаться такими же активными, любознательными, успевающими во всем, позитивными, целеустремленными и веселыми. Двигайтесь только вперед, растите и развивайтесь!

Ания ШОЛПАНКУЛОВА,
учитель начальных классов средней школы села Кокөзек.

Кондитерлік өнімдер және олардың қауіпсіздігі жайында

Қауіпсіз кондитер өнімдерін өндіру үшін өндірістік жайлар мен цехтар технологиялық үрдістің желісін қамтамасыз ете алатындай және шикі өнімдер мен дайын өнімдердің қарама-қарсы кездесуін болдырмайтындай орналасуы тиіс. Кондитерлік өнімдермен уланудың алдын-алу мақсатында, әсіресе, кремді кондитерлік өнімдерді шығару барысында қолданылатын керек-жарактарға, ыдыстарға, цехтың ішіндегі ыдыстарға технологиялық үрдістің кезеңдерінде пайдалануына сәйкес қатаң белгі қойылуы тиіс.

Кондитерлік бұйымдарды дайындауға ескірімеген, таза, қабығы бұзылмаған, овокоспан және сұрыптаудан өткен тауық жұмыртқасы қолданылуы керек. Жұмыртқа салынған қораптарды ашу, оларды тазарту және жұмыртқа массасын алу үшін қажетті үдеріс желісін сақтай отырып жүргізілуі керек. Кез келген кремді дайындауда суда жүзетін құстардың жұмыртқасын, жарық, жарылып ағып кеткен, мираждь жұмыртқаларды, туберкулез және салымоеллез ауруларының қауіп бар шаруашылықтардың жұмыртқасын және жұмыртқаның орнына меланжды қолдануға тыйым салынады.

Кремді дайындау үшін массасының



кондитерлік өнімдер 6°C аспайтын температурада сақталуы тиіс. Кілегейлі кремнің жіберілу мерзімі — 36 сағаттан көп емес, пірожнийлармен қайнатылған кремдердің жіберілу мерзімі — 6 сағаттан көп емес. Кремді бұйымдар дайындалған кезінен бастап кәсіпорында 3 сағаттан көп емес уақыт сақталынады.

Кондитерлік өнімдерді тұтынушыларға сату алдында бұрын қолданылмаған картон қораптарға, ішіне пергамент немесе пергаментке ұқсас қағаздардан жасалған сафеткалар төселген ыдыстарға салынып, қақпағы жабылады. Қорапқа салынбаған торттарды тасымалдауға және сағуға тыйым салынады. Крем қосылған кондитерлік өнімдерді сату тоңазытатын жабықтары болған жағдайда жүзеге асырылады.

Халықтың денсаулығына зиян тигізбейтін сапалы және қауіпсіз кондитерлік өнімдерді өндіру үшін осы салада қызмет жасайтын қызметкерлер арнайы кимізде жұмыс істеп, қолдарының тазалығын қадағалап, ұйымнан шыққанда және дәретханаға барғанда арнайы жұмыс киімдерін шешіп, сондай-ақ, жұмысқа кірісер алдында, дәретханаға кіріп-шыққаннан кейін, сол сияқты әр үзілістен кейін және лас заттармен жанасқан сайын қолдарын жуып жеке бас гигиенасын қатаң түрде сақтаулары тиіс. Жоғарыда көрсетілген санитариялық-гигиеналық талаптар үй жағдайында сақталмайды. Сонымен қатар, санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес, үй жағдайында дайындалатын өнімдерге ешқандай рұқсат берілмейді.

Карасай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау баскармасы үй жағдайында дайындалған кремді бар кондитерлік өнімдерді қолданбауға кеңес береді. Үй жағдайында дайындалатын кондитерлер зансыз жұмыс істейді, ал олардың өнімдері қажетті зертханалық зерттеулерден өтпейді. Өнімдердің қауіпсіздігін растайтын тауардың құжаты, тамақ өнімдердің құрамы, тағамдық құндылығы, өндірілген күні, жарамдылық мерзімі, сақтау шарттары және т.б. деректер туралы ақпарат көрсетілмейді. Бүгінгі таңда кондитерлік шеф-аспаздар көбінесе жұмыссыздар, студенттер немесе бала күтіміндегі аналар болып табылады. Тамақ өнімдерін өндіру кезінде санитариялық қағидалардың, тауар көрсетілетіндігін сақтамауы, таза арнайы киіммен, жеке медициналық кітапшамен қамтамасыз етілмеуі айдан анық. Яғни, үй жағдайында санитариялық қағидалардың сақталуына ешқандай кепілдік берілмейді. Ал дайындалған өнімдерді интернет арқылы тапсырыс беру-тағаммен улану жағдайларына әкеліп соғытыннан естен шығармау керек. Мұндай өнімдер аудан халқы арасында жаппай тамақтан улану, жіті ішек жұқпаларының тіркелуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

А. САТЫБЕКОВА,
Карасай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау баскармасының басшысы,
С. УСЕРБАЕВА,
бас маман.

Энтеробиоздан сақтану үшін гигиенаны сақтау керек

Энтеробиоз — ұсақ паразиттік құрттар-острицалар тудыратын ауру. Ішек құрт ауруы паразитарлық ауруға жатады. Энтеробиоз әлемдегі ең таралған инфекция болып саналады. Острида адамның аш ішегінің төменгі, тоқ ішегінің алдыңғы бөлігінде кездеседі. Ұрғашылары 10-12мм, еркекдаралары 2-5мм болып келетін ақтүсті құрт, түнгі өмір сүреді: ұрғашы түнде ішекке және артық өтпе айналасына шығып, ыңғайсыздық пен қышулы тудырып, жұмыртқаны терідегі қаптарларда жинап, өледі. Ішекқұрттардың қозғалатын ересек аналығын науқастың нәжісінің бетінен көруге болады.


Ауруға көбінесе, балалар ұшырайды. Жұқтыру нәжістік жолмен, ауыз арқылы және жер, құм, лас заттар (ойыншық, киім, аяқ киім, төсек жабықтары), азық-түлік арқылы (жеміс-жидектер), жәндіктер (шыбын, құмырсқа), ит, мысық арқылы болады. Ішекте қорытылған аспен, кейде қанмен қоректенеді. Ішекқұрттар ішекте тұрақтайтындықтан ішектің дұрыс жұмыс істеуі тәртібі бұзылады, ішектің дүрмендерді сіңіруге шамасы келмей қалады.

Энтеробиоздың негізгі симптомдары: айналышқы маңындағы қышуы, мазасыз ұйқы, шаршау, төбет пен салмақ жоғалуы, түнде несеп ұстамау. Балаларға ішек құртты анықтау үшін нәжіс талдауы және

энтеробиозды анықтау үшін қырынды алу тағайындалады.

Энтеробиоз әдетте паразиттерге қарсы дәрілерді қолданумен толық жойылады.

Энтеробиоз ауруының алдын алу мақсатында жеке гигиеналық іс-шараларды орындау қажет: тырнақты үнемі қысқартып алу, ұйқыдан оянганнан кейін, тамақ ішер алдында және дәретханаға барғаннан соң



қолды сабындап жуу, барлық төсек-орын және жеке киім-кешекті екі жағынан үтіктеу, үйде жуу құралдарын пайдалана отырып, ылғалды жинау қажет.

А. АБДРАХМАНОВА,
КР ДСМ ТҚКСҚББ «Ұлттық сараптама орталығы» Алматы облысы бойынша филиалының Карасай аудандық бөлімшесінің паразитолог зертханашысы.

Об адресации объектов недвижимости

Постоянный адрес присваивается всем существующим, а также вновь построенным зданиям, сооружениям, сданным в эксплуатацию и имеющим правоустанавливающие документы. Причем, адресация объектов садоводства (дачи) осуществляется без приема в эксплуатацию на основании идентификационного документа. Постоянный адрес также присваивается гаражам, встроенным, пристроенным, встроенно-пристроенным к зданию помещениям, жилым помещениям, мансардным этажам; объектам, образованным в результате деления на несколько самостоятельных частей, в соответствии с Законом; земельным участкам, право собственности на которых зарегистрированы в регистрирующих органах, предоставленным для строительства и эксплуатации зданий и сооружений.

